

Келесі ретте қазақ жазба әдебиеті және оны қалыптастырған тұлғалар – Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көбеев сынды ақын-жазушылардың өмірбаяндары, шығармалары мен оларға қосымша суреттер мен оқырманға арналған тақырыптық сұрақтар келеді.

Хрестоматияның қазақ авторларынан кейінгі беттерінде орыстың әйгілі жазушылары мен ақындарының өмірі, шығармалары аударылып беріледі. Бұл жерде бір үлкен ерекшелік: орыс зиялыларының аты-жөндерінің өзі қазақ тіліне бейімделіп, қазақ қаріптерімен жазылған. Мәселен, Мақсым Гөркйй (Максим Горький), Шеқып (Чехов).

Мақаламызды түйіндей келе, Молдағали Жолдыбайұлының қазақ әдебиет пен педагогикасына қосқан орасан-зор үлесін біз атап көрсеткен екі кітап мысалында толық көрсету мүмкін емес. Алайда, қос оқулықтың да қайраткер мұрасын зерттеуде негізгі тиек екенін айту керек. Бұл кітаптар салыстырмалы түрде еркін, коммунистік партия тарих пен сөз бостандыққа шек қоймай тұрып жазылғанын ескерсек, сол заман ағартушылық қызметі үшін таптырмас ғылыми-әдістемелік құрал болғанын ұғамыз.

Заманауи педагогика үшін «Жаңа арнадағы» білім берудің тың формуласы зерттеуді, түсінуді, үлгі етуді қажетсінетін бірегей оқулық. Оның мысалында, бүгінгі оқыту үрдісінде кетіп жатқан кемшіліктерге басқа бұрыштан үңіліп қарау мүмкіндігі туар еді. Кітаптың практикалық мәнінен бөлек, оның ғылыми, әдеби маңызын қорытар болсақ, онда берілген фактілер, аудармалар, арнайы жазылған авторлық туындылар – тағы да құндылығы аса жоғары материал.

Ал «Әдебиет хрестоматиясының» тарихи мәні, тіпті, жоғары. Ол аяусыз қудаланған қазақ зиялыларының тынымсыз зерттеу нәтижелерінің көрінісі, ондағы әр тұжырым, әр мысал, әр аударма алаш қайраткерлерінің жүйелі еңбегіне дәлел бола алады.

Бұдан бөлек, бірнеше ел баспасөзіне мақала жазып, саяси белсенді болған Молдағали Жолдыбайұлы қазақ ғылымы мен ағартушылық саласына жұрт назарын аударту үшін есепсіз еңбек сіңірді. Соның бәрінің соңында еңбегінің жемісін өзі емес, ұрпақтары, біз – жас ұстаздар көріп келеміз. Демек, Алаш азаматтарының әрбірі сияқты, Молдағали Жолдыбайұлының да аты өшпек емес, орны ұмытылмақ емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңа арна. /Құраст. Т. Шонанұлы, М. Жолдыбайұлы. – Мәскеу, Қызылорда: «Қазақстан мемлекеттік» баспасы, 1927. – 150 бет.
2. Әдебиет хрестоматиясы [Мәтін] : 4-жылдық / М. Жолдыбайұлы , Ә. Қоңыратбайұлы , М. Қаратайұлы ; [жауапты ред. Н. С. Манаев] ; Қазақстан халық ағарту комитеті .- Қызыл-Орда : Қазақстан баспасы, 1934 .– 46000 дана . - Мәтін латын қарпімен қазақ тілінде . 2-бөлім .– 92, [2] б
3. Орынай Жұбаева. Жолдыбайұлы М. Шығармалары/ М. Жолдыбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2019. – 456 бет. Әлдиден эпосқа дейін. /Құраст. Б.Бопайұлы, С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы» ҚҚ, - 2018. – 392 б.
4. Орынай Жұбаева «Қазақ білім-ғылымының қалыптасуына ерен еңбек сіңірген қайраткер» мақаласы

ӘОЖ 81'272

ТІЛ ЖӘНЕ ГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сентірбек Жұлдызай Қуанышбекқызы

sentrbekj@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 6В01717-«Қазақ тілі және әдебиеті»
мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сәрсекке Г.Ә., ф.ғ.к., профессор

Әртүрлі мәдениет өкілдері ғана емес, ерлер мен әйелдер де әртүрлі сөйлейді. Сөйлеу тіліне жыныстық ерекшеліктің де әсер ететіндігін ғалымдар ертеден байқаған. Тілдегі гендерлік мәселелерді зерттеудегі ең алғашқы әрі ұзақ уақыт үстемдік еткен көзқарас грамматикалық тек категориясымен тығыз байланысты болды. Бұл бағыттың өкілдері «грамматикалық тек адамның жыныстық тұрғыдан бөлінуінен пайда болған» деп қарастырды. Аталған көзқарас мифологиялық ойлаудың екі түріне - анимизм мен антропоморфизмге - негізделген. Дәлірек айтсақ, осы көзқарасты жақтаушылар биологиялық жыныс пен грамматикалық жынысты бір деп талдады. Яғни, олар тек категориясын түсіндіргенде бағалауыштық функцияны қосты: «ерлер тегі күшті, белсенділікті білдірсе, әйелдер тегі, керісінше, әлсіздікті, бағыныштылықты білдереді» деп қарастырады [1,53]. Ерлер мен әйелдердің сөйлеу тіліндегі айырмаларды дәл осылай зерттеу тіл мен гендер қатысын зерттеудегі тұңғыш бағыт болатын. Әрі қарайғы тілдегі гендерлік мәселелерді зерттеу тайпалар тілінің немесе «экзотикалық» тілдердің негізінде жүзеге аса бастады. XVII ғасырда зерттеушілер жергілікті тайпаларда әйелдер мен ерлер тілінің арасында айырмалар бар екендігін, әсіресе әйелдердің сөйлеуі ерлерге қарағанда өзгеше екендігін байқайды. Ғалымдар ерлер мен әйелдер тіліндегі ерекшеліктерді таза биологиялық тұрғыдан ғана қарастырды. Алайда бұл кезеңге тән арнайы зерттеу жұмыстары жоқ, мұның бірден-бір себебі ғалымдардың пікірлері тек болжам күйінде болғандығы, яғни нақты дәлелдер келтірілген зерттеу еңбектері болмады.

Тілдегі гендерлік зерттеулердің келесі, аса маңызды кезеңін ХХ ғасыр басындағы зерттеулер құрайды. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер көрінісіне назар аударған ғалымдардың бірі – Отто Есперсен. Оның 1924 жылы ағылшын тілінде шыққан «Грамматика философиясы» атты іргелі еңбегінің бүтіндей бір тарауы «Жыныс пен тек» деп аталады. Ғалым «ерлерге қарағанда әйелдер тілді қолдануда консервативті болып келеді» деген тұжырым жасайды [2,263]. Ғалым Кариб архипелагындағы ерлер мен әйелдер тілдерін талдай отырып, әйелдер ана тілінде көбірек сөйлейтіндігін және әйелдер эвфемизмдерді жиі қолданатындығын байқайды. Сондай-ақ қос тілділік жағдайында әйелдерге қарағанда ерлер жаңа тілді тезірек меңгереді деген тұжырым жасайды. Алайда автор өз зерттеуінде ерлердің жаңа тілді меңгеру қажеттілігі сол тілде жұмыс істеуден туғанын ескермеді. Ал сол уақыттағы үйде отырған әйелдер үшін мұндай қажеттілік болмаған. Әйел мен ердің сөйлеу тілінің арасында айырма болатынына назар аударған келесі бір ғалым – Э. Сепир. Автор үнділік ян тайпасының тілін зерттей отырып, тілде ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін дәлелдейді. Автор «аталған тайпада ерлер тілі тек ерлермен қарым-қатынас жасағанда қолданылса, әйелдер тілі әйелдер арасындағы сөйлеуде, сонымен бірге ерлермен қарым-қатынас жасауда пайдаланылған» деген тұжырым жасайды. Яғни, автордың пікірі бойынша, бұл тайпада барлық өкілдер қолданатын қалыпты ана тіл және ерекше «еркек жаргоны» бар [3,455].

ХХ ғасырдың 60 жылдары әлеуметтік лингвистиканың дамуынан бастап лингвистикадағы гендерлік зерттеулер мүлдем басқа бағытта жүргізілді. Бұл кезеңдегі зерттеулердің алдыңғы кезеңдегі еңбектерден айырмасы аталған зерттеулерде басты назар тіл мен сөйлеудің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларға түсті. Яғни, сөйлеушінің жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы сынды ерекшеліктері ескерілді. Осы бағыттағы егжей-тегжейлі жасалған зерттеудің бірі – У. Лабовтың зерттеулері. Автор бір зерттеуінде Нью-Йорктегі ерлер мен әйелдердің арасында «ing» комбинациясының бес түрлі фонетикалық нұсқасының таралуын талдаса, екінші бір зерттеуін ерлер мен әйелдердің сұхбаттары негізінде жасады. Ғалым өз зерттеулерінде сөйлеу тіліне жастың, жыныстың, ұлттың, әлеуметтік мәртебенің және

жағдайдың қаншалықты әсер ететіндігін қарастырған. Зерттеуде респонденттер жынысы, жасы және әлеуметтік жағдайы бойынша мұқият таңдалған орта тап өкілдері, қарапайым қала тұрғындары болды. Әрбір респонденттің сөзі ресмиліктен бейресмиге дейінгі әртүрлі жағдайларда және бір мезгілде бірнеше факторлар тұрғысынан, яғни лингвистикалық, әлеуметтік және жағдаяттық тұрғыдан талданды. У. Лабовтың зерттеуі аса маңызды, себебі ол ерлер мен әйелдер арасындағы сөйлеу және тілді қолданудағы айырмашылықтардың табиғи шарттылығы туралы гипотезаны жоққа шығарды. Автордың пікірінше, ер мен әйел сөйлеуіндегі айырмашылықтар абсолютті емес, яғни әйелдердің бір нұсқаны, ерлердің басқа бір нұсқаны таңдауы табиғи ерекшелік емес, әлеуметтік фактордан туындаған ерекшелік [4,187]. У. Лабовтың зерттеулеріне қарап мынадай түйін жасаймыз: адам қалай сөйлеу керектігі туралы өзінің түсінігі бойынша ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы ер мен әйелдің бейнесі, оның ішінде олардың сөйлеуі туралы түсініктеріне сай болу үшін тілді белгілі бір түрде пайдаланады. Адам өзі және айналасындағы адамдар үшін беделді болып саналатын нұсқаны таңдайды.

XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап бүкіл әлемде феминистік қозғалыспен байланысты әйелдердің сөйлеу тіліне деген қызығушылықтың жаңа толқыны басталды. Бірқатар ғалымдар әйелдердің белгілі бір стереотиптік «феминистік» формаларды қолдануы әйелдердің қоғамда тең орын алу әрекетіне кері әсерін тигізетінін алға тартты. Бұндай көзқарас Х. Абэ, К. Мари және Р. Лакофф еңбектерінде орын алды. Аталған ғалымдардың ішінде Р. Лакоффтың «Тіл және әйелдің орны» («Language and Woman's Place») атты еңбегі ерекше көзге түседі. Автордың пікірінше, әйелдердің сөйлеуі өзіне деген сенімсіздікпен, ерлерге қарағанда агрессивтіліктің аздығымен, әңгіме барысында серіктесіне көп көңіл бөлуімен ерекшеленеді [5,45]. Әйел әңгімелесушінің пікірін мұқият тыңдайды, әрі диалогта үстемдік етуге ұмтылмайды. Ер адам, керісінше, әңгіме барысында «жағдайды бақылауда ұстауға» бейім. Зерттеу қорытындысы бойынша, мұның бәрі қоғамда қалыптасқан, «жұмсақтық», «бағыну», «шегіну» деп түсіндірілетін әйелдік стереотиптердің салдары. Еркектік стильде сөйлейтін, яғни өзін толғандыратын тақырыпты талқылауда табандылық танытатын, ауызша сөйлеуде әңгімелесушінің сөзін бөлуге бейім және бұйрық райдың формаларын қолданатын әйелдерді қоғам дұрыс қабылдамайды. Олардың бұлайша сөйлеуі нормадан ауытқу деп саналды. Жұмыстың негізгі қорытындысы оның атауынан-ақ көрініп тұр: тіл әйелдің орнын нақты анықтайды және сөйлеу тәртібінің белгіленген үлгісін қолдануға «мәжбүрлейді». Осылайша әйелде тілдік таңдау еркіндігі болмайды. Аталған еңбегінде автор әйел тіліне тән бірнеше ерекшеліктерді көрсетеді. Мысалы, «сыпайы сөздерді, айқындауыш сұрақтарды, эмоцияны білдіретін сөздерді көп қолдану әйел тіліне тән» деп көрсетеді. Р. Лакоффтың еңбегінен кейін ер мен әйел тіліндегі айырмаларды әлеуметтік тәжірибе, сауалнама әдістері арқылы зерттеу кең өріс алды. Бұл зерттеулер гендерлік құрамы әртүрлі, яғни ер мен ер, әйел мен әйел, әйел мен ер арасындағы коммуникативті әрекетті талдады. Осы тұрғыдан алғанда П. Фишман ерлі-зайыптылардың әңгімесін, М. Хартман қарт адамдардың әңгімесін зерттеді. Тәжірибелердің көпшілігі Р. Лакофф көрсеткен параметрлердің тек жартысының ғана шындық екенін анықтады. Мәселен, П. Фишман үш ерлі-зайыпты жұптың үйдегі әңгімелерінің көп сағаттық жазбасын талдайды. Осы талдау негізінде әйелдер күйеулеріне қолдау және әңгімесіне қызығушылық танытып отырғанын түрлі белгілерді қолдана отырып байқатады және әйелдер үнемі әңгімені өрбітіп отырады. Ерлер, керісінше, жиі үнсіз қалады, өздігінен жаңа тақырыптағы сөйлеуді сирек бастайды [6, 397]. Р. Лакофф жасаған «әйел тіліне» тән лингвистикалық белгілердің кейбірінің дұрыстығына американдық зерттеушілер У. О'Барр мен В. Аткинс күмән білдіреді. Аталған зерттеушілер куәгерлердің сот залында сөйлеген 150 сағаттық аудиожазбасын тыңдап, талдай келе, Р. Лакофф көрсеткен лингвистикалық белгілерді ерлер де, әйелдер де қолдана береді деген қорытындыға келеді [7,93]. У. О'Барр мен В. Аткинс барлық тілдік көрсеткіштерді талдай отырып, Р. Лакоффтың әйел тіліне жатқызған белгілері шын мәнінде әлсіз, қуатсыз тілді

сипаттайды деп есептеп, дәл осы тілді әлеуметтік жағдайы төмен, сотта куәгер болу тәжірибесі жоқ кез-келген адам қолданады деп тұжырымдайды.

Ер мен әйелдің сөйлеуінде өздеріне тән ерекшелік бар екендігін анықтаған тағы бір ғалым – Д. Коэрс. Автор «Ер, әйел және тіл» («Women, Men and Language») деген еңбегінде ер мен әйелдің сөйлеу әрекеттерін бірнеше параметрлер бойынша қарастырады. Ғалымның пікірінше, әйелдер тобы мен ерлер тобында талқыланатын тақырыптар да, олардың даму қарқыны да әртүрлі [8,78]. Әңгімелесу әйелдер үшін шер тарқату сияқты, сол себепті олар сөйлегенде өз сезімдері, іс-әрекеті туралы көбірек мәлімет береді. Бұл тақырыптар баяу (әйелдер бір тақырыпты жарты сағаттан да көп уақыт талқылай алады) және біртіндеп дамиды. Ал ерлер тақырыптан тақырыпқа тез ауысады. Олар өз сезімдері туралы өте аз айтады, есесіне қоғамда болып жатқан жағдайды, спорт, саясат тақырыптарын көп қозғайды. Сонымен қатар ерлер мен әйелдердің қысқа репликаларды, мысалы *-м-, -а-, -ooo-*, қолдануында да біраз айырмашылықтар бар. Әйелдер оларды мұқият тыңдап, бір-бірін қолдайтын белгі ретінде қолданады. Сондай-ақ әйелдер мұндай репликаларды әңгіме барысының әртүрлі кезеңін көрсететін белгі ретінде, яғни жаңа тақырып басталғанын немесе тақырыптың аяқталғанын танытатын белгі ретінде де қолданады. Ерлер үшін бұл формалар «*мен сізбен келісемін*» дегенді білдіреді. Осылайша, қысқа репликаларды қолданудағы айырмашылықтар едәуір түсініспеушілікке әкеледі. Ер адамдар әйелдер олармен келіседі деп ойлап, егер олай болмай шықса, ашуға беріліп жатады. Ал әйелдер ерлердің мұндай формаларды сирек қолданғанын «әңгімеге назар аудармады» деп қабылдайды. Әйелдердің сөйлеу әрекетіне тән басты ерекшеліктің бірі ретінде Д. Коэрс синхронды сөйлеуді атайды. Жарыса сөйлеуде әңгімелесушілер басқа адам сөйлеп тұрған кезде де сұрақтар қойып, ескертпелер жасай береді. Бұл әйелдер үшін сөйлеп тұрған адамның әңгімесі мұқият тыңдалып жатқандығын білдіреді. Тек әйелдер тобындағы жарыса сөйлеу «*бір уақытта бір адам*» ережесін жүзеге асыруға кедергі келтіретін сияқты. Бірақ Д. Коэрс әйелдердің әңгімелесуде өте сақ болатынын атап көрсетеді: әйелдер кезекті бұзбауға тырысады және шамадан тыс көп әңгіме айтса, кешірім сұрауға бейім тұрады. Әйелдер тобының мүшелері әңгімелесушілердің әрқайсысының әңгімеге қатысуын қадағалайды және олар үстемдік етуге тырысқан адамды айыптайды. Ал тек ерлер тобында, керісінше, әңгіме барысында бәсекелестік туындайды, яғни олар артықшылыққа ие болуға ұмтылады. Ерлер тобында әңгіме жүргізу екі ережеге негізделген: біріншіден, белгілі бір уақытта бір ғана адам сөйлейді, екіншіден, сөйлесушілер ауысып отырады. Автордың зерттеулерінен әйел мен ер адамның тілді қолдануда айтарлықтай айырмашылықтары бар екендігін байқауымызға болады.

Ер мен әйел сөйлеулерінің арасындағы айырманы талдау Д.Танненнің «Сен мені түсінбейсің» («You just don't understand») зерттеуі шыққаннан кейін өзгеше сипат ала бастады. Автор ерлер мен әйелдердің сөйлеу мәнерлерін талдай отырып, ерлер мен әйелдер арасындағы әңгіме қарама-қарсы мәдениеттердің қарым-қатынасын білдіреді деген қорытындыға келеді [9,352]. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, ерлер мен әйелдер әртүрлі «тілде» сөйлейді және айырмашылықтарына байланысты екі түрлі лингвистикалық гендерлік мәдениетке жатады, сәйкесінше тілде әртүрлі гендерлік кодтарды қолданады. Сол себепті бір тілдік фактіні ер мен әйелдің әртүрлі түсінуі орын алады. Жыныстар арасындағы «бірін-бірі түсінбеу» құбылысы екі жыныс арасындағы айырманы көрсетіп қана қоймай, «ер» және «әйел» әлемінің ерекшеліктерін ашады. Ерлердің сөйлеуі, әдетте, тәуелсіздік пен өзін биік ұстауға бағытталған. Ал қоғам әйелдерден эмоционалдықты және сыпайылықты күтеді. Бұл айырмашылықтар, Д.Танненнің пікірі бойынша, қарым-қатынас кезіндегі түрлі айырмашылықтарға әкеледі. Яғни, бірдей сөз тіркесін айтқанда ерлер мен әйелдер әртүрлі мотивті басшылыққа алады, әрі әңгімелесушінің сөзін әртүрлі тәсілмен түсіндіреді. Мысалы, көмек көрсетуді ер адам өзінің үстемдігін көрсету ретінде қабылдаса, әйел адам ынтымақтастықты арттыру ретінде қабылдайды.

Орыс тіл білімінде алғашқы гендерлік зерттеулер ХХ ғасырдың 90 жылдары жүргізіле бастады. Аталған тіл біліміндегі ер мен әйел сөйлеуінің ерекшеліктерін сипаттаған алғашқы еңбектің бірі ретінде Т. Гомонның диссертациялық жұмысы аталады. Ғалым өз зерттеуінде ер мен әйел сөйлеулерінің лексикалық құрамын талдай отырып, тақырыптық ерекшеліктерін анықтайды. Нәтижесінде ғалым «әйелдер әңгімесінің дені аспаздық, сән, тәрбие беру туралы болса, ерлер жөндеу жұмыстары, техника және спорт жаңалықтары туралы көп талқылайды» деген тұжырым жасайды [10,96]. Ер мен әйел тіліндегі ерекшеліктерді талдаған келесі ғалым - Е. Гриценко. Ол өз зерттеулерін сайлау алдындағы баспада жарияланған БАҚ материалдары бойынша жүргізеді. Сайлаушылар хаттарын талдауда Е. Гриценко мынадай ерекшеліктерді көрсетеді: әйелдер жазған хатта көбіне алғыс айтады, шағымданады, ал ерлер талдайды, кінәлайды, кеңес береді және ескертеді. Сонымен қатар әйелдер сөйлемді көбірек 1-жақта жасаса (*мен сенбеймін, мен таң қалдым*), ерлер 3-жақта көп қолданған (*айтқан, ойлап тапқан*) [11,405]. Ғалымның талдауларында әйелдер сыртқы әрекеттер мен шешімдердің объектісі, «әлсіз буын» ретінде байқалса, ерлер шешім шығарушы және әсер етуші субъект ретінде көрінеді. Зерттеуші Г. Двинянинова ерлерге қарағанда әйелдердің сөйлеуі категориялық емес екендігін анықтайды. Ғалымның зерттеуінде әйел тіліне тән мынадай ерекшеліктер берілген: әйелдер басы артық сын есімдерді, «*бұл емес пе?*» «*осылай емес пе?*» деген сияқты нақтылау сұрақтарын, бекіту сөйлемдерін көп пайдаланады [12,139]. Бұл ерекшеліктер қатарына Е. Горошко әйелдердің жиі сұрақ қоюға бейім болатынын қосады. Сұрақтар, әдетте, әңгімені қандай да бір жолмен жалғастыру үшін қойылады, себебі әйелдер ерлерге қарағанда әрқашан әңгімені жалғастыруға мүдделі. Е. Горошко өз зерттеулерінде әйелдердің әңгіме барысындағы тағы бір ерекшелігін атайды. Бұл ерекшелік – әйел әңгімелесушінің пікірімен келіспейтіндігін ашық айтпайды, үнсіздікпен білдіреді. Яғни, ауызша агрессия құралдары әйелге емес, ер адамға тән деп көрсетеді [13,25]. И. Кванкина ерлер мен әйелдердің ауызша мәтіндерінде мынадай ерекшеліктер бар деп есептейді: әйелдер еркектерге қарағанда *-иа-, -уф-, -mmm-* сияқты минималды жауаптарды көп айтады және де ерлер мен әйелдердің мұндай қысқа жауаптарының мағынасы әртүрлі: әйелдер оларды әңгімені жалғастыруға деген қызығушылығын білдіру мақсатында қолданса, ерлердің мұндай жауаптары, керісінше, әңгімеге қызығушылығы жоқтығын білдіреді [14,114]. Ғалым көрсеткен тағы бір ерекшелік: әйелдер әңгіме тақырыбына байланысты өзі естіген, көрген немесе жеке басынан өткен жағдайларды қосып айтатын болса, ерлер, керісінше, әңгіме тақырыбын өзіне қатыстырудан қашады. Әйелдер мен ерлердің сөздік қорлары туралы зерттеген ғалымдардың бірі – Э. Болтенко. Ол әйелдердің сөздік қоры ерлерге қарағанда аз екенін алғаш байқаған ғалым ретінде О. Есперсенді атайды. Э. Болтенко өз еңбегінде: «Әйелдердің сөздік қоры көлемі жағынан салыстырмалы түрде аз, мұның себебі әйелдер лексикалық қабаттың қалыптасқан бөлігін ғана қолданады, яғни олар үнемі қолданыстағы, жиі кездесетін сөздерді пайдаланады. Ал ерлердің сөздік қорында жаңа сөздер, кәсіби сөздер, тарихи сөздер жиі кездеседі. Демек, ерлер жалпы қолданыстағы сөздермен емес, көбірек терминдермен сөйлейді», - деген қорытындыға келеді [15,17]. Сонымен қатар Э. Болтенко әйелдердің ерлерге қарағанда ішкі әлемге көбірек көңіл бөлетіндігімен байланысты олардың сөздік қорында сезімді, эмоцияны сипаттайтын сөздер көп болатындығын және әйелдер адамның эмоционалды-психологиялық күйін білдіретін етістіктерді жиі қолданатындығын зерттеуінде дәлелдейді.

Ерлер тілі мен әйелдер тіліндегі кең тараған тағы бір айырма – дөрекі сөздерді қолдану туралы. В.И. Жельвис лексиканың төменгі қабатын оның ішінде ұятсыз сөздерді, балағат сөздерді кімдер көбірек қолданатындығын зерттей отырып мынадай қорытынды жасайды: «ерлер өте өткір және өрескел лексиканы жиі пайдаланса, әйелдер сөздерді жұмсартып немесе қарапайым естілетін сөздермен алмастырып қолданады» [16,281]. Зерттеуші бұл құбылысты әйелдердің агрессивтілікті қаламайтындығынан, сол себепті оның пайда болу себептерінен

аулақ болуға ұмтылуымен түсіндіреді. Ерлерге қарағанда әйелдердің дәрекі сөздерді аз қолданатындығын Е.А. Земская, М.В. Китайгородская және Н.Н. Розанова зерттеулерінде дәлелдейді [17]. Ғалымдардың біріккен зерттеуінде әйелдер мен ерлер тіліндегі тек лексикалық ерекшеліктер ғана емес, фонетикалық ерекшеліктер де зерттеледі. Сонымен қатар ерлер мен әйелдердің сөйлеу әрекеті кезіндегі білімі, әлеуметтік жағдайы, жасы да ескерілген. Зерттеу нәтижесінде авторлар мынадай қорытынды жасайды:

әйелдер бірлескен әңгімеге бейім, ондай әңгімеде әйелдер көбірек сұрақ қойып, көбірек реакция білдіреді;
әйелдер әңгіме барысында әңгімелесушіге сыпайы қарайды;
әңгіме барысында ерлерге қарағанда әйелдер бұйрық райға қарағанда өтінішті жиі пайдаланады;
әйелдер көбіне тіке емес жанама сұрауларды жиі пайдаланады;
әйелдер әңгімесінде тақырыптан ауытқып кету жиі кездеседі;
әйелдер әңгімесінде қандай да бір мәлімдемені жеке өмірден алынған жағдаятпен байланыстырып толықтыру, дәлелдеу жиі ұшырасады [17,90].

Аталған зерттеудегі «әйелдер ерлерге қарағанда бірлескен әңгімеге бейім» деген факторды А. Мартынюк та қолдайды. Ғалым ағылшын және украин тілдерінде сөйлейтін ерлер мен әйелдердің тіліне зерттеу жасайды. Зерттеу нәтижесінде А. Мартынюк: «Әйелдер мен ерлердің әңгімесінде ерлер көбіне бақталастық тактикасын ұстанса, әйелдер бірігу тактикасын ұстанады. Сонымен қатар әйелдер әңгімені ары қарай өрбітуге көп қадамдар жасайтын болса, ерлер, керісінше, өз ойын айту үшін немесе сұрақ қою үшін қарсыласын көп бөледі», - деген тұжырым жасайды [18,40].

Сонымен, гендерлік зерттеулерге арналған ғылыми әдебиеттерге шолу жалпы тіл мамандарының зерттеулері әртүрлі бағытта жүргізілгенін көрсетеді. Өсіресе, ер мен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктері, әр жынысқа тән сөздік қорды пайдалануы, ер мен әйелдің түрлі сөздерді таңдауына ерекше назар аударылған. Зерттеушілердің кей тұжырымдары бір-бірімен сай келіп жатса, кей пікірлері қарама-қайшы келген. Алайда барлық зерттеулер ер мен әйелдің сөйлеу тілінде өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді. Гендерлік зерттеу жасаған ғалымдар «кімнің сөйлегені дұрыс?», «ер тілі норма ма немесе, керісінше, нормадан ауытқу ма?» деген сұрақтарға жауап бермейді. Ол зерттеулер тек ерлер мен әйелдердің сөйлеуінде айырмашылықтар бар екендігін дәлелдеуге арналған. Ердің де, әйелдің де сөйлеуі бір-бірінен не кем, не артық емес, екі жыныстың сөйлеуі бір деңгейде, тек қана екеуі екі түрлі сөйлейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – Москва, 1999. – 53с.
2. Есперсен О. Философия грамматики. – Москва, 1958. – 263 с.
3. Сепир Э. Мужской и женский варианты речи в языке яна // Избранные труды по языкознанию и культурологии. –М., 1993. – 455 с.
4. Labov W. Variation in Language // The Learning of Language. National Council of Teachers of English. – New York, 1971. – 187 p.
5. Lakoff R. Language and Woman's Place. – New York, 1975. – 45 p.
6. Фишман П. Взаимодействие: работа женщин // Социальные проблемы. -1978. - №24. – 397 с.
7. O'Barr, W. «Women's language» or «powerless language»? / W. O'Barr, B. Atkins // Women and Language in Literature and Society / McConnel-Ginet S. et al. – New York: Praeger, 1980. –93-96p.
8. Coates J. Women, Men and Language. – Longman, London. - №4. – 1993. – 78-80 p.
9. Таннен Д. Ты меня не понимаешь. – Москва, 1996. – 352 с.

10. Гомон Т. В. Исследование документов с деформированной внутренней структурой. Дисс. ... канд. юрид. наук. – Москва, 1990. – 96 с.
11. Гриценко Е.С. Язык как средство конструирования гендера. – Н.Новгород: НГЛУ, 2005. – 405 с.
12. Двинянинова Г. С. Язык, речь, коммуникативное поведение индивидов в призме англоязычных гендерных исследований // Изменяющийся языковой мир: докл. междунар. науч. конф., Пермь, 12-17 нояб. 2001г. – Пермь, 2002. – 139-146 с.
13. Горошко Е.И. Проблемы изучения особенностей мужского и женского стиля речи. – Москва, 1995. – 25с.
14. Кавинкина И. Проявление гендерного фактора в русском языке // Женщина. Демократия. Образование: материалы II межд. междуц.науч-практич.конф. – Минск, 2000. – 114-119 с.
15. Болтенко Э.Н. Стеротип как основание гендерных исследований в лингвистике // Педагогическое образование на Алтае. – Горно-Алтайск, 2002. №4. – 17-23с.
16. Жельвис В.И. Об одном виде эвфемистической замены // Жанры речи: сборник научных статей. – Саратов, 1999. – №2. – 281-286 с.
17. Земская Е.А., Китайгородская М.В., Розанова Н.Н. Особенности мужской и женской речи // Русский язык в его функционировании. Коммуникативно-прагматический аспект. – Москва, 1993. – 90-136 с.
18. Мартынюк А.П. Речь и пол // Язык. Человек. Время. – Харьков, 1992. – 40-46 с.

ӘОЖ 81.367.3

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕГІ ЭКСПРЕССИЯ

Сайлауова Гүлім Даниырқызы

gulim-sailauova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.А. Жақыпов

1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» атаулы сөйлемді жай сөйлемнің бірі болғанымен оның бірде бір түріне ұқсамайтыны, сонымен қатар атаулы сөйлемде баяндау қасиетінің болмай, сөйлемде тек интонация, оқиғаның, құбылыстың шындық өмірге, шаққа қатысы сияқты сөйлемге тән айрықша белгілері болады деп берілген [1, 130 б.]

2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» атаулы сөйлемнің экспрессиясын ойға оралтатын мынадай тұжырымдар бар: «Атаулы сөйлемдер арнаулы коммуникативтік мақсаттың қажетімен қалыптасқан. Бұл сөйлемдер төңіректі, жағдайды үнемді жолмен суреттеу үшін және пікірді эмоциялы етіп білдірудің амалы ретінде жұмсалады. Жұмсаулына қарай атаулы сөйлемдерді үш топқа бөлуге болады: 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер, *Түн. Шалқыған ай*; 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер. *Күлуін!* 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. *Қаңғыған неме! Өркенің өскір!»* [2, 675] Осы тұжырымдағы «коммуникативтік мақсаттың қажеті» дегеннен экспрессияның да коммуникативтік мақсаттан тыс тұрмайтыны ойға келеді. Сол сияқты «суреттеу, эмоциялы етіп білдіру амалы» дегендер экспрессиямен тікелей байланысты. Сондай-ақ жұмсалуына қарай жіктеулері (бейнелеу, сөгіс, тілек мағыналы, эмоциялы атаулы сөйлемдер) экспрессивтіліктің белгілері болып саналатын сияқты.

Атаулы сөйлем, негізінде, хабарлау интонациясымен, кейде көтеріңкі, лептік интонациямен айтылады. Бірақ интонацияның қай түрімен айтылса да, атаулы сөйлемдегі